

## Сағынғали Сейітов

---


### Сенің жарық жұлдызың

Солдат Жеңіс! Маршал Жеңіс! Армысың?  
Сен сұлусың көктем мүсін, таң мүсін.  
Сен елімнің есіміндей естесің,  
Жас жігітсің, бейне жиырма бестесің.  
Тосырқамас әсте сені соңырқап,  
Біз баяғы өзің көрген сол ұрпақ.  
Біз баяғы серігінбіз жорықтас,  
Әуелден-ақ роталас, полктас.  
Қолыңды бер,

мықтап тұрып қысайық.

Баяғыша өзінді бір күшайық!  
Қан, батпаққа батып жүріп белшеден,  
Біз едік қой жерді адыммен өлшеген,  
Біз едік қой ту ұстаған туа сап,  
Біз едік қой қайта тұрған, құласақ.  
Біз едік қой темірказық түндегі  
Дүниенің алтын тұтқа, дінгегі.  
Металл сынды, біз бірақ та сынбадық,  
От ішінде өзімізді шыңдадық.

Білекті де, жүректі де түлеттік,  
Сертімізге сенім дейтін гүл ектік.  
Қамал алдық, қаланы алдық, жон астық,



Қырық бірде қырық беске жол аштық!  
Удан, қаннан тазарттық та жер бетін,  
Жаныштадық халықтардың жеңдетін.  
Неткен сонша әсем еді Азат таң,  
Адамзатты босатқан шақ азаптан!  
Жолдас, Жеңіс! Сен бүгін де саптасың,  
Әлі де сол баяғыдай баптасың.  
Көнерген жоқ үстіндегі шинелің,  
Азаткер деп ардақтайды Сені елің.  
Ең алдыңғы шепте орның сол әлі,  
Сенің жарық жұлдызың тұр жоғары!